| **Қысқа мерзімді жоспары** | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Бөлім** | Деректер базасы | | | |
| **Педагогтың аты-жөні** | | | | |
| **Күні** | | | | |
| **Сынып: 9** | Қатысушылар саны | | Қатыспағандар саны | |
| **Сабақтың тақырыбы:** | **Электрондық кестеде деректер базасын құру** | | | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 9.2.2.2 - электронды кестеде деректер базасын құру. | | | |
| **Сабақтың мақсаты:** | **Барлық оқушылар:** | | | |
| | Электронды кесте, дерекқор ұғымын анықтау. | | | |
| | **Көптеген оқушылар:** | | | |
| | Электронды кестені деректер базасы ретінде қолдану. | | | |
| | **Кейбір оқушылар:** | | | |
| | Электронды кестеде деректер базасы құрылымының қажеттілігін түсіндіру. | | | |

**Сабақтың барысы:**

| **Сабақтың кезені/ уақыт** | **Педагогтың әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **<u>Ой сергіту</u>**<br>**«Тұрғындар мен үйшік» ойыны**<br>Екі оқушы бір-бірінің қолдарын жоғары көтеріп ұстап үйшік болып тұрады. Үйшіктің ішінде бір оқушы тұрғын болып тұрады. Мұғалім үйшіктер ауысады дегенде үйшіктер қолдарын жібермей ауысады. Тұрғындар ауысады дегенде тұрғындар ауысады, үйшік орнында қалады. Қателесіп ауысқан үйшік немесе тұрғындар ойыннан шығарылады.<br>**<u>Үй тапсырмасы. «Автор орындығы» әдісі</u>**<br>- Оқушылар «Заманауи қоғамда деректер базасымен жұмыс жасаудың маңызы» тақырыбында жазып келген мақаласын тақтадан орындықта отырып оқып береді.<br>***Ауызша мадақтау, ынталандыру*** | 1.Мұғаліммен амандасады.<br>2.Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады.<br>3.Сабақтың мақсаттарымен танысады. | | |
| **Сабақтың ортасы** | **Миға шабуыл сұрақтарымен жұмыс жасау**<br>✓ Excel кестелік процессорында ұяшықтармен жұмыс жасаудың қандай өзіндік ерекшеліктері бар? Есіңе түсір. Әңгімеле.<br>Кестелік процессордағы қарапайым дерекқорға не жатуы мүмкін?<br>✓ Excel-дің қандай ерекшеліктері үшін оны дерекқор ретінде | Мұғалімді тыңдайды | | |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>пайдалануды тиімді деп санайды?<br><br><u>Оқулықпен жұмыс</u><br><br>Жаңа ақпаратпен танысу. Әдістемелікте берілген сұрақтарға жеке, топта, ұжымда жауап береді. Мұғалім жаңа материалды түсіндіреді.<br><br><u>Кестемен жұмыс</u><br><br>Оқушылар кестедегі мәліметтерді толтырады.<br>
<table>
<tr><td>Excel-дің жұмыс парағын деректер базасы ретінде қарастыру үшін қойылатын талаптар.</td><td>Excelде кестемен деректер базасы ретінде қалай жұмыс жасаймыз?</td><td>Форм<br>т</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
<br><u>Дескриптор</u><br>Деректер базасы ұғымын анықтайды.<br>Деректер базасын қолдану жолын салыстырады.<br><br><u>Компьютермен жұмыс</u><br>Математика, геометрия, биология және физика пәндеріне қатысты қарапайым кестелік дерекқор құрыңдар. Құрастырып ұсынатын дерекқорларың төмендегі критерийге сай болсын. Жазбалар саны 10–15 аралығында, ал Өрістер саны 4–6 аралығында болсын.<br>Дескриптор<br>Компьютерде дерек қорын жасап ұсынады.<br><br>Оқушылардың жұмыстарын смайликтер арқылы бағалау.</td>
<td></td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы</td>
<td>1. Жазба, Өріс дегеніміз не?<br>2. Ауқымы деп неге айтылады?<br>3. Тізім дегеніміз не?<br>4. Форма диалогтік терезесінің қызметі қандай?</td>
<td>Өзін-өзі бағалау.</td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 5. **Форма** диалогтік терезесін қалай **Жылдам қолжеткізу панеліне қосуға болады?**<br>6. **Форма** диалогтік терезесінің батырмаларының қызметі қандай?<br>7. Сыртқы көздерден деректерді қалай импорттауға болады?<br>***«Екі жүрек, бір тілек» әдісі. Оқушылар сабақ туралы жақсы түсінген ақпараттарын және түсінбеген бір сұрақтарын айтады.*** | | | |